



31 МАМЫР

саяси қуғын-сүргін
құрбандарын
еске алу күні

Қуғын-сүргін жылдары
ішінде қазақ жерінде
құрылған лагерлерге 5
миллионнан астам адам
жіберілді. Қазақстанда 125
мыңнан астам адам саяси
қуғын-сүргінге ұшырады.
25 мыңға жуық адам ату
жазасына кесілді.

5-7

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біз жыл сайын 31 мамыр күні өткен ғасырдағы саяси
қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске аламыз.
Мемлекетіміз қуғын-сүргіннен жазықсыз жапа шеккен жан-
дарды ақтау, төл тарихымыздың ақтаңдақ беттерін объективті
әрі тыңғылықты зерделеу жұмыстарына баса мән беріп отыр.
Біз өткен замандағы қасіретті оқиғалардан тағылым алып,
оны ұлт жадында сақтай білуіміз керек. Сонда ғана кез келген
сынақтан сүрінбей өтіп, әділетті мемлекет және өркениетті
қоғам құру жолындағы биік белестерді бағындыра аламыз.

№63
(4807)
Сенбі
31 мамыр
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ӘЛЕМ КӨШБАСШЫЛАРЫ ЕЛОРДАДА ЖҮЗДЕСТІ

29-30 мамырда Конгресс-орталықта Астана халықаралық форумы (AIF) өтті. Оның алаңында әлемдік саясаткерлер, сарапшылар, бизнес өкілдері мен халықаралық ұйымдардың көшбасшылары бас қосып, қауіпсіздік, климат, энергетика және экономика салаларындағы түйткілді мәселелер туралы пікір алмасты. Форум жұмысы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен пленарлық отырыспен ашылды. Президент өз сөзінде қазіргі геосаяси жағдайда ынтымақтастықтың маңызына тоқталды. Жиын 3 негізгі бағытты қамтыды: сыртқы саясат және халықаралық қауіпсіздік, энергетика және климаттың өзгеруі, экономика және қаржы. Форумға 70-тен астам елден 5 мың адам келді. Екі күнде 160 спикер панельдік сессияда сөз сөйледі.

2

ЖАҢА БАҒДАР АШЫЛАДЫ

Елімізде алдағы маусым және қыркүйек айларында жаңа екі: «Қарағанды-Астана» және «Астана-Бурабай» электропойыз бағдары ашылады. Бұл туралы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің төрағасы Жәнібек Тайжанов мәлім етті.

«Мемлекет басшысының Шучинск-Бурабай курорттық аймағын дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес, қаңтар айынан бастап Астана-Бурабай курорты бағыты бойынша жаңа вагондардан құралған жедел электр пойызы іске қосылды. Жол жүру уақыты – 2,5 сағат. Осындай жаңа электр пойызы осы жылдың маусым айында Қарағанды-Астана бағыты бойынша іске қосылады. Қосымша үшінші электропойыз Астана-Бурабай курорты бағытында жолға шығады» деді комитет төрағасы.

ОНЛАЙН ҚҰРБАН ШАЛУҒА БОЛАДЫ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрбан шалу рәсімін қашықтан өткізуге арналған qurban.muftyat.kz сайтына іске қосты.

«Мұсылман қауымының қасиетті айт мерекесіне орай барша қазақ елін Құрбан айт күні жүзеге асатын қайырымдылық акциясына үлес қосуға шақырамыз. Халыққа, әсіресе үлкен қалаларда тұратын жамағатқа оңтайлы болу үшін биыл да құрбан шалу офлайн және онлайн форматта жүзеге асады» делінген хабарламада.

Онлайн түрде құрбан шалам деушілер сайт арқылы құрбандық малын таңдап, Kaspi QR арқылы қажетті қаражатты аудары алады. Қой мен ешкіні жеке адам, ал ірі қара мен түйе малын 1 немесе 7 адам бірігіп шалса болады. Тапсырысыңыз сәтті өтсе, ұялы телефоныңызға SMS-хабарлама келеді. Құрбандық шалынған соң, оның фото және бейне есебі тапсырыс беруші көрсеткен нөмірге жіберіледі.

Балалар –
ең болашағы

Сұлтан СЕЙІТ

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні – бұл балаларды қорғаудың, олардың қауіпсіздікте болуының, аман-дығының маңызын еске салатын ерекше күн. Елордада балалар мерекесіне орай көптеген іс-шара ұйымдастырылуда. Саябақтар мен қоғамдық кеңістіктерде балаларға арналған мәдени-спорттық ойындар, байқаулар, концерттер, қайырымдылық шаралары өтуде.

8

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 572.53 \$ USD/KZT 507.07 ₸ RUB/KZT 6.37 ¥ CNY/KZT 70.37

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

ҚАДІРЛІ ҚОНАҚТАР!

Баршаңызбен Астана халықаралық форумында жүздескеніме қуаныштымын! Бүгінгі басқосуға шетел үкіметтерінің басшылары, дипломатия, бизнес және академиялық ортадағы достарымыз бен әріптестеріміз қатысып отыр. Мәртебелі меймандарымызға, атап айтқанда, Руанда Президенті Поль Кагамеге және Солтүстік Македония Президенті Гордана Сияновска-Давковаға, Еуропа Кеңесінің Бас хатшысы Ален Берсеге, БҰҰ-ның бұрынғы Бас хатшысы Пан Ги Мунға, Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің жетекшілеріне, форумның өзге де қатысушыларына шынайы ризашылығымды білдіремін. Форум аясында жаһандық экономика, өңірлік ынтымақтастық және халықаралық күн тәртібіндегі басқа да мәселелер жөнінде нәтижелі пікір алмасамыз деп үміттенеміз.

Бүгінгі жиын әлемде белгісіздік белең алған кезеңде өтіп отыр. Мұны жолайрық, халықаралық қатынастардағы сын сағаты деп сипаттасақта болады. Алайда бұл тұжырымды тарихшылардың еншісіне қалдырған жөн. Қазір осы жағдайға қалай жауап беретініміз маңызды. Алдымызда таңдау тұр: қандай шешім қабылдаймыз, қандай құндылықтарды қорғаймыз?! Дүние жүзін қақтығыстар мен соғыс өрті жайлап барады. Былтырғы мәліметке сәйкес, 52 мемлекет қарулы қақтығыс жағдайында тұрған. Ал осындай қатыгез әрекеттерден келген экономикалық шығын 19 триллион долларға жетті. Бұл, шамамен, әлемдік ДЖӨ-нің 13,5 пайызы. Дегенмен осы сандардың арғы жағындағы ахуал одан да қорқынышты: қазіргі қақтығыстар анағұрлым ұзақ әрі күрделі сипатқа ие. Оған көптеген «ойыншылар», тіпті, ешқандай мемлекетке қатысы жоқ топтар араласады. Бұдан бөлек, мұндай қақтығыстардың тамырында түрлі қайшылықтар жатыр.

Аталған факторлар бейбітшіліктің берік орнауына кедергі келтіруде. Айрықша алаңдаушылық туғызатын тағы бір дүние бар. Ол – әлемдегі осы тектес шиеленістердің жаһанға мүлдем жаңа түсінік пен құндылықтар ұсынып, адамзатты түбегейлі түлеген, бірақ әзірге беймәлім келешекке бастап бара жатқан жасанды интеллекттің даму трендімен еш үйлеспеуі. Бұл орайда тарихи тұжырымдар мен саяси араздыққа негізделген әскери қақтығыстар мен соғыстар мүлдем орынсыз, тіпті ақылға қонбайды. Соғысудың орнына біз халқымызды, әсіресе, жастарымызды саналы әрі өркеніетті қоғам құруға үндеуіміз керек.

Әрине, қақтығыстардың қай-қайсысы да жіті назар аударуды қажет етеді. Әйтсе де, ядролық қаруды иеленген мемлекеттер арасындағы шиеленіске айрықша мән бергеніміз жөн. Бүгінде тоғыз елдің арсеналында жалпы саны 13 мың ядролық оқтұмыс бар. Сарапшылар оны қолдану ықтималдылығы артып келе жатқанын ескертеді. Тіпті, бұған жазатайым қателік, оқыс оқиға немесе эскалация себеп болуы мүмкін. Бір ғана жарылыстың салдары жойқын болмақ. Ғалымдар атом бомбасы түскен жерін күл-талқан етіп қана қоймай, жаһандық ауқымдағы климат апатына әкеп соғуы, егістік атаулыны жойып жіберуі мүмкін екенін айтады. Оның қасіретін біз жақсы білеміз. Жерімізде жасалған 450 ядролық сынақтың зардабымен Қазақстан әлі күнге дейін бетпе-бет келіп отыр. Біз бейбітшілік үшін Кеңес өкіметінен мұраға қалған ядролық арсеналдан өз еркімізбен бас тарттық. Бүгінде жаппай қырып-жоятын ядролық және биологиялық қаруды таратпау ұстанымын жақтаймыз.

Жаһандық қауіпсіздікке төнген қатерге тек геосаяси сипат тұрғысынан қарамау керек. Мұны мойындаған жөн. Әлемдегі қазіргі ахуал өзгеріп жатыр. Мультилатерализмнің үні құмықанда, протекционизм өршиді. Осынау бей-берекет кезеңдегі біздің міндетіміз – ынтымақты қатаң сақтау, ыдыраған тұсын қайта қалпына келтіру. Қазақстан қазіргідей алмағайып заманды сындарлы ықпалдастық тұрғысынан қарастырады. Сыртқы саясатта жікке бөлінбей диалогқа келуді, кез келген елдің егемендігін құрметтеуді басшылыққа аламыз. Әсіреұлтышлық танытып, өзге халықтардың тарихы мен мәдени дәстүрлерін менсінбеуге қол берілмейді. Аз халықтардың ана тілінде сөйлеп, төл мәдениетін дәріптеуіне құрметпен қарау қажет. Сондықтан Қазақстанда «Бірлігіміз



АҚЫЛ-ОЙ ҚОСУ АРҚЫЛЫ КЕЛЕШЕКТІ БАҒДАРЛАУ

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМЫНЫҢ ПЛЕНАРЛЫҚ СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

– әралуандықта» қағидатын қатаң ұстанамыз.

Соңғы бірнеше жылда Қазақстанда ауқымды экономикалық және институционалды реформалар жүргізілді. Біздің мақсатымыз айқын – барынша әртараптандырылған, инклюзивті және келешекке бағдарланған экономика құру. Экономикалық өсім орнықты болумен қатар, оның игілігі әр азаматқа әділ бөлінуге тиіс. Елімізді түбегейлі жаңғыртып, Әділетті Қазақстанның негізін қалау үшін мемлекеттілікті нығайтуға көп күш-жігер жұмсап жатырмыз. Жалпыұлттық референдум арқылы Конституциямызға өзгеріс

жастарға және әлеуметтік тұрғыдан осал топтың өкілдеріне қосымша квота берілді. Адам құқықтарын қорғаудың нақты тетіктері болмаса, ілгері жылжу мүмкін емес. Бұл жүйе «Заң мен тәртіп» қағидатында көрініс тапқан. Біз аталған реформаларды геосаяси ахуал тұрақсыз кезеңде қолға алғанымызды білеміз. Бірақ «Жол мұраты – жету». Осы стратегиялық бағдарымыздан айнымаймыз, реформаларды тоқтатпаймыз. Жаһандағы сын-қатерлерге қарамастан, экономикамыз былтыр 5,1 пайызға өсті. Шетелден тартылған тікелей инвестицияның көлемі рекордтық көрсеткішке жет-

университеттің филиалы бар, зерттеу мен әзірлеу саласындағы серіктестік жолға қойылған академиялық және инновациялық хабқа айналымыз келеді. Қазақстан ең қуатты суперкомпьютерді іске қосуға кірісті. Қазірдің өзінде бұл жұмыс басталып кетті. Бұдан бөлек, CryptoCity деп аталатын жаңа пилоттық жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Мұнда криптовалюта азық-түлік сатып алуға, қызмет төлеміне және басқа да мақсаттарда пайдалануға жағдай жасалады. Әлемдегі уран қорының 40 пайызы Қазақстанның еншісінде. Сондықтан еліміз атом энергетикасын



енгізіліп, басты билік институттарына реформа жасалды. Біз суперпрезиденттік жүйеден бас тарттық. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасын басшылыққа алатын, тежеу мен тепе-теңдік жүйесі бар президенттік республика жолын таңдадық. Бұл тұжырым Қазақстандағы саяси жүйенің ерекшеліктеріне мейлінше лайықты модель екеніне кәміл сенемін. Президент өкілеттілігі бір реттік 7 жылдық мерзіммен шектелді. Қазақстанда ғана емес, біздің аймақта мұндай шешім бұрын-сонды қабылданбаған. Менің ойымша, бұл қадам еліміздің саяси жүйесін нығайтуға, экономикасын дамытуға және өркеніетті қоғам құруға негіз болады. Президент – халықтың белгілі бір мерзімге, біздің жағдайымызда жеті жылға жалдаған менеджері.

Парламент азаматтық қоғам және жаңа саяси партиялардың мүшелерімен толықты. Сондай-ақ әйелдерге,

ті. Транскаспий халықаралық көлік бағытымен тасымалданған жүк 62 пайызға артты. Дейтұрғанмен біздің стратегиялық мұратымыз цифрмен ғана өлшенбейді. Бұл реформалар жұртшылықтың өркендеуіне жол ашатын жаңа қоғамдық келісімді орнатуды көздейді. Біз адам капиталына инвестиция салып, жас мамандардың қалыптасуына жағдай жасаймыз. Ең басты міндетіміз – аймақтар арасындағы алшақтықты азайту және орта тапты нығайту. Сол себепті цифрлық технология мен жасанды интеллектіден бастап жасыл энергетика мен қосымша құны жоғары өндіріске дейінгі негізгі секторлардағы әлеуетімізді күшейте береміз.

Біз цифрлық трансформацияда елеулі табысқа қол жеткіздік. Мақсатымыз – Еуразиядағы жетекші IT хабқа айналу. Әсіресе, жасанды интеллектті дамытуға айрықша мән беріп отырмыз. Бірқатар шетелдік

дамытуды ұлттық стратегияның басым бағыты ретінде қарастырады.

Алайда климат дағдарысы шешілмей, ешқандай орнықты даму болмайды. Орталық Азия – планетадағы климат өзгерістеріне осал өңірлердің бірі. Мұнда ғаламдық жылыну деңгейі әлемдегі орташа көрсеткішпен салыстырғанда екі есе жоғары. Аталған қиындықтарды еңсеру үшін өңірлік тұрғыдан үйлестірілген, прагматикалық бағыттағы климат күн тәртібін ілгерілетуге бейілміз. Оның аясында еліміз бірқатар халықаралық ұйымға мүше болып, келісімдерге қосылды. Келесі жылы Қазақстан БҰҰ-мен бірге Өңірлік экологиялық саммитін өткізеді. Бұл алаң Орталық Азия елдерінің стратегиясын жаһандық мақсатпен ұштастыруды көздейді. Қазақстан өзара құрмет пен аймақтық ықпалдастықты арқау еткен Орталық Азияның тұрақтылығы берік, ынтымағы бекем, болашағы айқын болғанын қалайды.

Екі ай бұрын БҰҰ Бас Ассамблеясы Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі БҰҰ-ның аймақтық орталығын құру туралы қарарды ресми түрде қабылдады. Бұл – біздің көпжақты дамуға үлес қосқан маңызды жетістігіміз. Аталған орталық бірлескен жобаларға қолдау көрсетіп, техникалық сараптамаларды қамтамасыз етеді және халықаралық ынтымақтастықты үйлестіреді.

Сөзсіз, біз бетпе-бет келіп отырған сын-қатерлер трансұлттық сипатқа ие. Десек те оған қарсы әрекетімізде бірізділік жоқ. Әлемдегі ахуал өте шетін, тұрақсыз әрі кереғарлыққа толы. Сондықтан жаһандық ынтымақтастық үшін құрылған институттар осы жағдайларға сай болуға тиіс. Қазақстан орта державалар әділетті әрі инклюзивті әлемдік тәртіптің орнауына мүдделі болуы керек деп санайды. Қазіргі жүйені мұқият саралап, тың әдіс-тәсілдерге сүйену қажет. Соған сәйкес, орта державалар да жауапкершілік жүгін көтеруге дайын болуға тиіс. Жыл соңына таман Нью-Йоркте БҰҰ-ның 80 жылдығын атап өтеміз. 1945 жылы, яғни, дүние жүзіндегі сұрапыл соғыстан кейін 51 мемлекет бірге құрған бұл ұйым бейбіт әрі қауіпсіз әлемді құрудың батыл жолын ұсынды. Бүгінде ұйымға 193 ел мүше. Осылайша, ол әлемдегі құрамы әралуан, күрделі әрі өзара тығыз байланысқан қоғамдастыққа айналды. Әйтсе де БҰҰ-ның негізгі тармақтары, әсіресе, Қауіпсіздік Кеңесі мүлдем өзгерген жоқ. 80 жыл бұрын жасалған институционалды құрылым мен қазіргі заман арасында алшақтық көп. Бұл ұйымға және оның тиімділігіне деген сенімге селкеу түсіреді. Миллиардтаған адамның тағдырына әсер ететін аса маңызды шешімді бірнеше елдің қабылдағаны дұрыс емес. Сондықтан Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің құрамын кеңейтіп, оған әлемнің әр өңірінен өкіл қосу туралы ұстанымды қолдайды. БҰҰ өзектілігін жоғалтпай, қазіргі заманның талаптарына сай болуы үшін Қауіпсіздік Кеңесіне құрылымдық реформа жасалуға тиіс. Алпауыт елдер бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға бейіл екенін анық білдіруі керек. Әрі барлық мемлекеттің территориялық тұтастығын қорғау туралы ең басты қағидаттан айнымауға тиіс. Бәріміз БҰҰ Жарғысын мүлтіксіз сақтауымыз керек. Оның негізгі принциптеріне үстірт немесе немқұрайлы қараудан аулақ болуымыз керек. Сонда ғана Біріккен Ұлттар Ұйымының абырой-беделіне деген сенімді қалпына келтіре аламыз.

Сіздер Астанаға әлемнің түкпір-түкпірінен келдіңіздер. Әрқайсысыңыз тәжірибелеріңізді, дүниетанымдарыңызды және құндылықтардың ықпалымен қалыптасқан көзқарастарыңызды ортаға саласыздар. Аталған форумның мәні осындай интеллектуалдық әралуандықта жатыр. Алдымызда келешектің түрлі сценарийі күтіп тұр. Бірі үміт ұлатады, бірі қауіп-қатерге толы. Бәріне ортақ өркеніет жолын таңдаймыз ба, әлде жікке бөлініп құрдымға кетеміз бе? Оны үркердей топтың мәлімдемесі емес, көптің ауызбіршілігі шешуі қажет. Астана халықаралық форумы осы ынтымақтастыққа қолдау білдіру үшін құрылды. Аталған алаң өзара құрметке негізделген және ашық пікірталас мүмкіндігін ұсынады.

Билығи форум тақырыбы – «Ақыл-ой қосу арқылы келешекті бағдарлау» (Connecting Minds, Shaping the Future) Бұл – біздің үндеуіміз әрі қалтқысыз сеніміміз. Жаһандық сын-қатерді жалғыз еңсеру мүмкін емес. Дипломатия ресми протоколдың тар шеңберінен шығып, анағұрлым терең әрі адами қалыптағы қарым-қатынасқа төр ұсынуға тиіс. Біз дүниежүзілік дамудың жаңа кезеңіне қадам бастық. Мұнда адамдар арасындағы сенім, білім-тәжірибемен бөлісу және азаматтық қоғамның ынтымақтастығы халықаралық қатынастардың жаңа іргетасын қалайды. Сондықтан ықпалдастықтың аясын кеңейте беруіміз керек. Қазақстан идеяның кені, ара-ағайындық шешімдердің архитекторы және түрлі өңірлер мен мәдениеттердің серіктесі ретінде осы өзгерістерге үлес қосуға дайын. Бұл форум тың ойлар айтылатын ғана емес, батыл қадамдар жасалатын алаңға айналсын. Баршаңызды мазмұнды диалог орнатуға шақырамын. Алдағы пікірталастар қызықты, форум жұмысы нәтижелі болуына тілектестік білдіремін.

ТЫҒЫЗ ДИАЛОГ БЕКІГЕН КҮН



Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Джорджа Мелонимен тет-а-тет форматында және кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Жиынға екі ел делегациялары қатысты. Мемлекет басшысы Қазақстан мен Италия стратегиялық серіктес екенін атап өтті. Қос елдің қарым-қатынасы өзара құрметке, сенім мен ортақ мүддеге негізделген.

Мемлекет басшысы Астана халықаралық форумының арнайы сессиясына қатысқаны үшін Италия Премьер-министріне ризашылығын білдірді. Өз кезегінде Джорджа Мелони бұл сапардың Қазақстан мен Италия қарым-қатынасын жандандыруға ықпал ететінін айтты. Кез-

десуде сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастықты кеңейту перспективасы талқыланды. Энергетика, аса маңызды материалдар, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, көлік-логистика, сонымен қатар жаңартылатын қуат көздері салаларында байланыс орнату мәселелері

егжей-тегжейлі қарастырылды. Одан кейін тараптар кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Президент мемлекеттер арасында тығыз саяси диалог орнап, берік экономикалық ынтымақтастық дамып келе жатқанын жеткізді. Сонымен қатар мәдени-гуманитарлық байланыс беки түскеніне назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Италияның Орталық Азиядағы жетекші серіктесі, ал Италия еліміздің сауда әріптестерінің үштігіне енетін және ірі инвесторларының бірі екенін айтты. Елдер арасындағы тауар айналымы 24 пайызға артып, өткен жылы 20 миллиард долларға жетті. Президент соңғы 20 жылда Италия Қазақстан экономикасына 7,6 миллиард долларға дейін инвестиция құйғанын атап өтті. Өз кезегінде Джорджа Мелони екі ел арасындағы ықпалдастықты жоғары бағалап, оның стратегиялық серіктестік рухына сай келетінін айтты.

«Сізді көреген көшбасшылардың бірі санаймын. Қазіргі сын-қатерлерді терең түсінетін адаммен әңгімелесу мен үшін өте құнды. Осынау қиын кезеңде жақсы жаңалықтар да бар. Соның бірі – Италия мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас. Біздің байланыстарымыздың деңгейі жоғары. Мұны бұған дейін бірнеше рет атап өттік. Дегенмен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүмкіндік жеткілікті. Менің сапарымның мақсаты да осы. Сіздің еліңіздің Батыс пен Шығысты байланыстырып жатқан алтын көпір ретіндегі тарихи мәнін жақсы білеміз» деді Италия Премьер-министрі.

АУЛАЛАР АБАТТАНДЫРЫЛАДЫ

Елорданы абаттандыру жұмысы жалғасып жатыр. Қалада тұрғындар мен қонақтардың бос уақытын өткізуіне арналған орындар саны артып келеді. Биыл шамамен 180 аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылады. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек мәлімдеді.

Абаттандыру барысында көгалдандыру жұмысына ерекше көңіл бөлінеді. Елорда әкімі қаланы аралау барысында бірқатар нысанға барды.

– Байқоңыр ауданындағы «Тұлпар» сауда орталығының алдында ескі үйлер мен сауда нысандарын бұзу жұмысы жүріп жатыр. Көп жылдан бері бұл аумақ стихиялы саудаға байланысты проблемалы учаскелердің бірі болып келген. Биылдың өзінде бұл жер қайта жаңарып, орнына жаңа қоғамдық кеңістік ашылады. Тұрғындар үшін жаяу жүргіншілер аймағы, демалыс орындары ашылып, көгалдандыру және жарықтандыру жұмысы жүргізіледі. Аталған жұмысты кезең-кезеңімен жүзеге асырып, осы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр, – деді Жеңіс Қасымбек.

Сондай-ақ тағы бір қоғамдық кеңістік А.Жұбанов көшесінде (Ж.Тархан көшесінен А.Пушкин көшесіне дейінгі аралықта) ашылады. Гүлзардың жалпы ауданы 4,5 мың шаршы метрді құрайды. Абаттандыру аясында ауқымды көгалдандыру жұмысы жүргізіледі: көпжылдық бұталар мен ірі көшеттер отырғызылады.

Абай даңғылының Республика даңғылынан бастап Ш.Уәлиханов көшесіне дейінгі аралығы екі жағынан толық абаттандырылады. Абаттандырылатын аумақтың жалпы көлемі 1,1 гектарды құрайды. Жоба аясын-



да көше жиһаздары орнатылып, жарықтандыру жұмысы және т. б. жүргізіледі.

Сарайшық ауданында (Т.Жүргенов гүлзары) еңбек пен жұмысшы мамандықтардың маңызына арналған арнайы тақырыптағы гүлзар жобасын іске асыру басталды. Жоба аясында көшеге арналған жиһаздар орнатылады, көгалдандыру жұмысы жүргізіледі және басқа да абаттандыру шаралары іске асады. Гүлзар тек тұрғындардың демалыс орны ғана емес, сонымен қатар қоғам тарапынан еңбекке деген

құрметті арттыруға бағытталған қалалық ортаның маңызды элементіне айналмақ.

– Ж.Тәшенев көшесінің бойында көгалды орын ашылды. Мұнда 500-ден астам ағаш отырғызылды. Аумағы толықтай автоматты суару жүйесімен жабдықталған. Абаттандыру және көгалдандыру жұмысы қаланың барлық ауданында жүріп жатыр. Биыл да өткен жылдардағыдай бір миллионнан астам жасыл желек (бұталар, ағаштар, көшеттер) отырғызу жоспарланып отыр, – деді Жеңіс Қасымбек.

АЗАМАТТЫҢ ӨТІНІШІН ҚАРАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ ЖҰМЫСЫН ТИІМДІ АТҚАРУЫНА ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫС ЕНГІЗІЛДІ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы заңнаманың сақталуы бойынша тексеру жүргізеді және қызмет алушыларға сапалы қызмет көрсету, қолайлы жағдай жасау және бұзылған құқығын қалпына келтіру бағытындағы жұмыстарға аса мән береді.

Осылайша, ағымдағы жылдың II тоқсанында департаментке елорда тұрғыны мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу барысында Халыққа қызмет көрсету бөлімінде регламент уақытын сақтамау фактісінің орын алғаны жөнінде шағымы келіп түсті. Шағымды қарау барысында азамат-

ша «Азаматтық хал актілері мен жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізуді қоса алғанда, қайтыс болуды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша жүгінгені және кезекте күту уақыты 1,5 сағаттан аса болғаны анықталды.

Мемлекеттік қызмет көрсету заңнама талаптарына сәйкес, құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты 20 минутты құрайды.

Департаменттің ұсынысы негізінде шағымды қарау нәтижесі бойынша мемлекеттік корпорацияның филиал басшылығына қызмет алушылар тарапынан наразылық тудырмау және шағымдарды болдырмау мақсатында

Астана қаласы әкімінің орынбасары, елорда әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссия төрағасы Есет Байкеннің қатысуымен комиссияның кезекті отырысы өтті. Онда ана мен баланың әл-ауқаты, жастардың денсаулығы, бос уақытты тиімді ұйымдастыру және қосымша білім беру мәселелері талқыланды.

4000 БАЛА ЛАГЕРДЕ ДЕМАЛАДЫ



Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Гүлнәз Досмырзаеваның айтуынша, 12-18 мамыр аралығында өткен «Репродуктивті денсаулық апталығы» аясында ұйымдастырылған 238 іс-шараға 8542 адам қатысты. Олардың 4644-і – жасөспірім және 3898-і – жастар.

– Жыл басынан бері медициналық-санитарлық көмек орталықтарындағы психолог мамандарға – 2157, гинекологқа – 1738, дерматовенерологқа – 904, әлеуметтік қызметкерге – 457, урологқа – 1594, педиатрға – 276, терапевтке – 1104 және басқа мамандарға 448 адам жүгінген. Оларға 3554 тегін кеңес беріліп, 44 онлайн іс-шара өткізіліп, әлеуметтік желілерде 26835 адамға дейін қамту жүзеге асты. Бұқаралық ақпарат құралдарында 135 жарияланым шықты. Бұл көрсеткіштер ақпараттандыру мен профилактикалық жұмыстың жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын көрсетеді, – деді ол.

Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Маржангүл Қайырбаева балалар мен жасөспірімдердің қосымша біліммен қамтылу көрсеткіші 86,3%-ды құрайтынын, яғни 262,2 мың баланы қамтитынын айтты.

– Қалада 13 ұйым, 8 қоғамдық орталық, 132 филиал жұмыс істейді. Олардың қатарында «Тапұп» креативті технологиялар орталығы, «Bilim park» қосымша білім беру орталығы, «Sana» шығармашылық орталығы, «Art is forever» көркемсурет мұражайы, «Koktal junior hall» спорт-шығармашылық орталығы және 2 Оқушылар сарайының филиалы бар. 2029 жылға дейін тағы 15 жаңа нысан салу жоспарланған. Бұл 17000 баланы қамтиды. 2025 жылы жекеменшік қаржы есебінен 2 Оқушылар сарайы іске қосылды, 5 сарайдың құрылысы басталды, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 1440 орын бөлінді, – деді ол.

Жазғы кезеңде 92 мектеп жанында бастауыш сынып оқушыларына арналған лагерлер ашылады, 192 бейінді лагерьде – 11520, 10 тақырыптық жобада – 142298, 30 киіз үй лагерінде – 38250, «Дидаклы жаз» спорт-ойын алаңдарында 8056 бала қамтылады. «Балалықтың бойтұмары» лагерінде – 1500 бала, әлеуметтік квота бойынша 393 бала демалады. 650,2 млн теңге бюджет қаражатына әлеуметтік осал топтардан 4000-нан аса бала қала сыртындағы сауықтыру лагеріне жіберіледі.

СӨНБЕЙДІ, ӘКЕ, ШЫРАҒЫҢ

Бас қаладағы ҚР Ұлттық музейінде «Atamnyn amanaty» қоғамдық бірлестігі ҚР ІІМ Ұлттық ұланымен бірлесіп, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары хабар-ошарсыз кеткен 271 мыңнан астам қазақстандықтың рухына тағзым ретінде «Сөнбейді, әке, шырағың» атты әскери-патриоттық шара ұйымдастырды.

Ерекше күнге майдангерлердің ұрпақтары, тыл және ҚР Қарулы күштерінің ардагерлері, елорда колледждерінің студенттері – болашақ Отан қорғаушылар жиналды. Іс-шара салтанатты сәлемдесуден басталып, көпшіліктің жүрегін тербеген көріністермен жалғасты. Шараның шымылдығын ашқан «Atamnyn amanaty» қоғамдық бірлестігінің басқарма төрағасы Мұрат Молдағалиев жүрекжарды сөз сөйлеп, акцияға атсалысқан бірқатар азаматқа естелік сыйлық табыстады.

Акция барысындағы ең толықтқан сәттің бірі – 90 жастағы тыл еңбеккері Қазиза Наурызбаеваға табысталған бір уыс топырақ. Бұл оның әкесі, 1941 жылы шілде айында майданға аттанып, сол күйі хабарсыз кеткен Жұматай Наурызбаев жерленген Красная горка кентіндегі бауырластар зиратынан арнайы жеткізілген топырақ еді.

«Әкем соғысқа кеткенде анам төрт баламен жесір қалды. Бізге әке мейірімін сезіну бұйырмады. Бірақ мен үмітімді үзбей, өмір бойы оның дерегін іздедім. Ақыры, 80 жылдан кейін «Atamnyn amanaty» бірлестігінің көмегімен әкемнің жерленген жерін білдім. Бұл – мен үшін үлкен жаңалық.

Сондай-ақ әкемнің зиратын қалпына келтіруге атсалысқан Ресейдің Красная горка аумақтық бөлімінің басшысы Сергей Николаевич Русаяевқа алғысым шексіз» деді көзіне жас алған Қазиза Жұматайқызы.

Іс-шара барысында тағы бір ерекше марапат Орал қаласынан Мәскеуге дейін 2500 шақырым веложорық жасаған әскери зейнеткер Қайрат Ырғызбаевқа табысталды. Ол бұл қадамымен Ұлы Жеңістің 80 жылдығына өз үлесін қосты. Сонымен қатар биылғы оқу жылында әскери-патриоттық акцияларға белсенді қатысқан колледж студенттері де назардан тыс қалмай, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Сахна төрінде ҚР Ұлттық ұланының әскери оркестрі мен ән-би ансамблінің өнерпаздары жиылған жұрттың көңілін рухтандырды. Осындай мазмұнды іс-шаралар – елдігіміздің, тарихқа деген құрметіміздің жарқын көрінісі. Майданда шейіт болған, халбар-ошарсыз кеткен боздақтардың ерлігі – өшпес шырақ, ал олардың рухына тағзым – кейінгі ұрпақтың борышы.

Нәсіпхан СПАН,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті



ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

Елорданың әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында халықаралық, республикалық олимпиадалар және ғылыми жобалар байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттауға арналған «Елорда дарындары» атты іс-шара өтті.

Индира
БЕРЖАНОВА

Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңындағы жиынды астаналық Білім басқармасы мен «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы бірлесе ұйымдастырды. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін іс-шара

елордалық дарынды жастарды қолдауға, олардың көшбасшылық және шығармашылық қабілетін насихаттауға бағытталады.

Жиында сөз алған елордалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев астаналық оқушылар республикалық және халықаралық деңгейдегі білім сайыстарында үнемі жеңіс тұғырынан көрінетінін атап өтті.

– 2024-2025 оқу жылында 32

мың оқушы түрлі зияткерлік іс-шараға қатысып, 334 медаль жеңіп алды, оның 41-і – халықаралық, 293-і – республикалық деңгейде. Астана қаласының 154 оқушысы халықаралық рейтингтік олимпиадалар мен ғылыми жарыстарға қатысып, барлығы 90 медальға ие болды. Биылғы оқу жылында елорданың зияткерлік командасы республикалық пән олимпиадасында рекордтық медальға қол

жеткізді. Оның 19-ы – алтын, 17-сі – күміс, 29-ы – қола медаль. Астана оқушылар командасы жыл сайын «Ең үздік олимпиадалық команда» атанады. Талабы таудай, қабілеті жоғары, ізденімпаз жастар көбейіп, адамзат игілігіне үлес қосып жатса, олар – ұлтымыз үшін мақтаныш, еліміз үшін абырой! – деді басқарма басшысы.

Салтанатты жиында 2024-2025 оқу жылының жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық және республикалық олимпиадалардың, ғылыми жобалар байқауының және инженерлік-техникалық жарыстарда жеңімпаз бен жүлдегер атанған 122 оқушы қатысты. Дарынды оқушыларға Астана қаласы әкімінің атынан алғыс хаттар мен ақшалай сертификаттар табысталды.

БҮЛДІРШІНДЕР МЕРЕКЕСІ



Астанадағы мамандандырылған балалар үйінде «Бала күлкісі – әлемнің көркі» атты іс-шара ұйымдастырылды. Мереке қарсаңында бүлдіршіндер ертегі кейіпкерлерімен бірге өнер көрсетіп, шат-шадыман көңіл күйге бөленді.

Жыл сайын өтетін іс-шараның басты мақсаты – ата-ананың қамқорлығынан айырылған балалар мен ерекше қажеттілігі бар бүлдіршіндердің жүзіне күлкі, жүрегіне жылулық сезімін сыйлау. Жаздың алғашқы күніне сәйкес келген бұл іс-шара балаларға деген ерекше ықыластың, сүйіспеншілік пен қамқорлықтың көрінісі болды.

– Біз жыл сайын балаларға арнап олардың жан дүниесін махаббатқа бөлеу үшін осындай іс-шараларды өткізіп отырамыз. Күні бүгінге дейін арнайы оңалту жүргізіледі. Ерекше балалармен жұмыс істеудің өз ауыртпашылығы мен жеңілдігі бар. Мереке-лік іс-шараға дайындық осыдан 1 ай бұрын басталып, бәрі ойдағыдай әрі тамаша өтті, – дейді орталықтың тәрбиелеушісі Ақжарқын Сейдазимова.

Мереке-лік қойылымды балалар үйінің тәрбиеленушілері мен тәрбие-

шілері балалармен сахналап, көрермен жүрегін елжіретті. Сонымен қатар эстрада жұлдыздары да өз өнерін ортаға салды.

– Орталығымыз 1981 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Тұрақты серік-тестеріміздің қатарында «ҚТЖ» ҰҚАК, отандық эстрада жұлдыздары және түрлі қайырымдылық қоры бар. Стационарға келетін балалардың саны азайып, көбінесе күндізгі бөлімде балалар көбейіп жатыр. Түрлі іс-шараны өткізу арқылы періште көңіл жандарға жайма-шуақ көңіл күй, бақытты шақ сыйлауға әрекеттеніп жатырмыз, – деді «Нұрлы жүрек» әлеуметтік орталығының директоры Ғалия Абенова.

Жансая АЛМАХАН,
Л.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің студенті

БӨБЕКТЕРГЕ НҰРЫН ШАШҚАН

Тәлімнің алғашқы баспалдағы, шат-шадыман қуаныш пен алаңсыз күндердің мекені – балабақша. Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында астаналық бүлдіршіндерді ерте жастан еңбекке баулып, өнер-білім үйретіп жүрген тәрбиешілерге аналық алғысымды жеткізуді адамдық борышым деп санадым.

Мамыражай мамырдың соңғы күндерінде «Нұр бөбек» балабақшасындағы «Арыстандар» мектепалды даярлық тобының қызғалдақтай қыздары мен тұлымды ұлдары қоштасу кешінде бірнеше жыл бойы алған тәрбиесін, үйренген білімін көрсетіп, ән салып, би билеп, өлең оқыды. Ақ тілектері, өздері кішкентай болса да, таудай талаптары қалың көрермен боп жиналған ата-аналардың, білім саласы қызметкерлерінің жүрегіне жетті. Осы орайда балапандарымызға бар мейірім-шуағын төккен, сәт сапар тілеген, дипломдар мен естелік суреттер табыстаған балабақша меңгерушісі Айнұр Құрманбайқызына, осы салада 15 жыл еңбек етіп жүрген білікті педагог, «Арыстандар» тобының жетекшісі Индира Сайлауқызына, жалпы ұжымға өзіндей бір топ ата-ана атынан алғыс айтқым келеді. Балаларға жайлы орта қалыптастырып қана қоймай, оларды қоғамға бейімдеп, жұдырықтай ғана жүректеріне патриоттық сезім ұялатып, әке-шешесінің



күн ұзақ жұмыс істеп жүргенін байқатпай, еркеліктерін көтере білген елордалық балабақша қызметкерлерінің адал еңбегі

әрдайым лайықты бағасын ала берсін.

Айсауле ҚҰРМАНҒАЛИҚЫЗЫ,
ата-ана

Әсима БИМЕНДИНА,
Астана қаласы бойынша
Бала құқықтары жөніндегі уәкіл:

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

– Балалардың құқығын қорғауды күшейту және қауіпсіздігін қамтамасыз ету – бүгінгі ең өзекті тақырып. Бұл бағытта елімізде бірқатар іс-шара қолға алынған. Былтыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев балалардың құқығын қорғау туралы заңға қол қойды. Бұл заң бала қауіпсіздігі ел жауапкершілігі екенін аңғартты. Бала өмірінің қауіпсіздігі әр кез ата-ана мен мұғалімнің, тіпті қоғамның әрбір мүшесінің ойында тұруы керек. «Менің балам емес

Қалалық Білім басқармасы, Полиция департаментінің ювеналды полиция бөлімі, Астана қаласы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссия, «Жаня» отбасын қолдау орталығы, өзге де мемлекеттік әрі қоғамдық ұйымдармен бірлескен профилактикалық іс-шараларды өткізудің маңызы айрықша. Мұндай кешенді іс-шаралар барысында балалармен тікелей тілдесіп, негізгі мәселелер анықталады.



қой» деп көшедегі қауіп-төнген баланы қараусыз қалдыруға болмайды. Балалар күнделікті жүретін жол қиындықтарын білуі тиіс. Мәселен, оқушылардың ойын білу үшін жиі кездесіп, тілдесіп отырамын. Сондай кездесулердің бірінде жасөспірім Мәңгілік ел даңғылындағы бағдаршамның бірі тез сөніп қалатынын айтқан еді. Оқушылардың өздері осындай ұсыныспен келетіні қуантады.

Президент тапсырмасымен балалар құқығын қорғау бағытында бірқатар бастамалар жолға қойылып келеді. Қауіпсіз орта қалыптастырып, балалардың, ата-аналар мен педагогтардың құқықтық сауатын арттыру мақсатында орта білім беру ұйымдары мен колледж базасында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау кабинеттері» ашылды. Елордада «Психологиялық қолдау орталығы» да жүйелі көмек көрсетіп келеді. Сонымен қатар қамқоршылық және қорғаншылық қызметінің мәртебесі нығайып, 5 мың балаға бір маманнан кем емес норматив белгіленді. Жақында балалар құқығын қорғау бағытында «Қазақстан балалары» ұлттық бағдарламасы қабылданыны баршаға белгілі болды. Бұл бүлдіршіндерге қатысты барлық сұрақты жүйелеп, тиімділігін еселеп арттыруға мүмкіндік береді деп сенемін.

Білім беру ұйымдарында «111» байланыс орталығына қолжетімділікті арттыру үшін арнайы QR-кодтар енгізілді. Бұрын балалар психологиялық қолдау алу үшін байланыс орталығына тек телефон арқылы ғана хабарласа алатын, ал енді олардың QR-кодтар арқылы сұрау жіберу мүмкіндігі бар.

Ата-ананың мектеппен тығыз қарым-қатынас орнатуы, мектеп психологымен сөйлесіп отыруы бала тәрбиесі үшін өте маңызды. Неғұрлым ата-ана мектеппен жиі қатынасып тұрса, соғұрлым баласының мектептегі жағдайын, оның айналасын, достарын біліп отырады. Ал ол өз кезегінде баланы дер кезінде дұрыс бағыттап, туындап жатқан мәселелерін уақытылы шешуге септігін тигізеді. Ата-ана баласының мектептегі іс-әрекетін біле бермейді. Сондықтан оларды тәрбие жұмысына барынша тарту мақсатында әр мектепте «Әкелер кеңесі» белсенді жұмыс істеуде. Сол секілді ұлт тәрбиесін насихаттап келе жатқан «Аналар тобы» мен «Қыздар тобының» білім ошақтарында болуы маңызды.

Қоғамда әр баланың құқығы бірдей. Мәселен, инклюзивті білім беру – тең қоғам құрудың іргетасы. Ерекше балаларға, сол секілді ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға да әлеуметтік қолдау көрсету – бүгінгінің кезек күттірмейтін мәселесі.

Ата-ана назарынан тыс қалған кезде жасөспірімдер өз бетімен, дәлірек айтқанда, ғаламтор арқылы өмір сүруге дағдыланып, жаһандық «тордың» тұтқынына айналады. Сондықтан ата-аналарға айтарым, бүлдіршінді телефон тәрбиелемесін десеңіз, баламен ашық сөйлесіп, көңіл бөліп, мектептегі, тіпті ауладағы болып жатқан құбылыстардың бәрін сұрап, біліп отыру керек. Ел астанасы өзгелерге қауіпсіз ортасымен үлгі болуы қажет.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

ТҮТҚЫНДАР ТУРАЛЫ
ШЫНДЫҚ ҚАЙСЫ?

Екінші дүниежүзілік соғыс 1939 жылдың қыркүйек айында басталғанын білеміз. Кеңес Одағы әуелі Польшамен және Финляндиямен соғысты. Мәдениет және ақпарат министрлігі таратқан «Қазақстанның Ұлы Жеңіске қосқан үлесі» атты ресми ақпаратқа көз жүгіртсек, 1939 жылдан 1941 жылдың маусымына дейін Қазақстаннан Қызыл Армия қатарына 187 мың жауынгер шақырылған, солардың 40 600-і қазақтар болған. Көптеген қазақстандықтар соғыс өрті тұтанған 22 маусым күні қару ұстап, майдан даласында жүрген. 1941 жылғы 1 маусымдағы дерек бойынша, Қазақстан халқының саны 6 447 800 адам болса, соның ішінде 21,2 пайызы мобилизацияланған. Ал Қорғаныс министрлігі соғыс жылдарында елімізден 1 196 164 адам майданға аттанды деген дерек ұсынады. Соның ішінде соғыстан елге оралғандардың саны 595 153 адам болса, 601 011 адам оралмаған, 270 мың адам хабар-ошарсыз кеткен. Бұл – ресми дерек.


Соғыстың алғашқы айлары мен жылдарында әскери дайындықтың нашарлығынан және фашистердің тұтқиылдан жасаған шабуылдарының әсерінен мыңдаған, миллиондаған кеңес жауынгерлері тұтқынға түсті. Жау қолына түсіп, қырылғандар туралы мынадай екі дерек бар: біріншісі – 1942 жылдың ақпан айына дейін немістерге тұтқынға түскен Кеңес әскерлерінің саны 3,9 миллион адамға жеткен, солардың 2,8 миллионы атылып-асылған. Екіншісі – 1941-1944 жылдар аралығында тұтқынға түскен Кеңес әскерлерінің саны 4 жылда 5 734 528 (неміс зерттеушісі Х.Штрайттың дерегі) адамға жеткен, солардың 3,3 миллионы (60 пайызы) тұтқынға қырылған. Күйқанды шымырлататын мұндай деректер көпке дейін бүркемеленіп келгені мәлім. Соғыс тұтқындары мәселесін көп жылдар бойы зерттеген ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Гүлжауһар Көкебаева соғысқа қатысқандар, соғыстан оралмағандар және кеңес тұтқындарының саны бүгінге дейін толық анықталмағанын ашық айтып жүр. «Неміс зерттеушілерінің еңбектерінде, неміс және кеңес ресми құжаттарында кеңестік соғыс тұтқындарының жалпы саны туралы әртүрлі мәлімет беріледі: Х.Штрайттың монографиясында – 5 734 528, Й.Хоффманның зерттеуінде – 5,24 млн, Вермахт тұтқындар бөлімі дайындаған құжатта – 5 165 381, КСРО Қорғаныс министрлігі 1988 жылы құрған комиссияның анықтамалығында – тұтқынға түскен және хабарсыз кеткендер саны 4,559 млн адам деп көрсетілген. Соғыс кезінде кеңес жауынгерлерін фин, румын әскерлері де тұтқындады. 1941-44 жылдары 64 188 кеңес соғыс тұтқыны Финляндияда болды, солардың 10 016-сы қаза тапты. Румынияда тұтқындалған 82 090 кеңес жауынгерлерінің 5221-і көз жұмған» деген дерек келтіреді ғалым «Заң» газетіндегі сұхбатында.

Жоғарыда 601 011 қазақстандық жауынгерлер соғыстан оралмаған деген ресми деректі айттық. «Қазақстанның Ұлы Жеңіске қосқан үлесі» деген инфографикалық ақпаратта соғысқа қаза тапқандардың пайыздық үлесін былайша көрсетіпті: орыстар – 5 547,1 мың адам (66,3 пайыз), украиндар – 1 376,5 мың адам (15,4 пайыз), белорустар – 251,4 мың (2,9 пайыз), татарлар – 183,3 мың адам (2,2 пайыз), еврейлер – 138,7 мың адам (1,6 пайыз), қазақтар – 601 мың адам (1,5 пайыз). Сонда 601 011 қазақ жауынгері сұрапыл майданнан оралмаған ба, әлде қаза



ТӘЛКЕККЕ ТҮСКЕН ТАҒДЫРЛАР

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Осынау айтулы датаның қарсаңында соғыс тұтқындарының тағдыры, ар-ұжданына түскен таңбасы, сұрапыл соғыстағы және бейбіт өмірдегі көрген қорлығы ойыма оралып, ұлттық намысымды қамшылайды. Қазақтың талайлы тарихындағы күні бүгінге дейін ашық айтылмай жүрген шындықтың бірі – соғыс тұтқындарын ақтау, қан майданнан оралмаған адамдардың санын анықтау, ерлігін бағалау және ұрпақтың алдында ар-намысын қалпына келтіру. Бұл мәселені 8 жылға жуық баспасөзде, әлеуметтік желілерде ашық көтеріп жүрмін. Әлі күнге дейін бір шешімін табар емес.



тапқан ба? Оралмағандар тірі ме, өлі ме? Осыны нақтылайтын кез келді. Ал ел мен жерді анта-лаған жаудан қорғауға аттанып, ешбір хабар-ошарсыз кеткен 270 мың жауынгеріміздің сүйегі қайда қалды?

Қазақстаннан және өзге республикалардан соғысқа қатысқан қазақтардың саны толық анықталды дей алмаймыз. Себебі соғысқа қатысқандар туралы мәлімет те, соғыстан оралмағандар туралы дерек те әртүрлі. Тарихшы Гүлжауһар Көкебаева сандық мәліметтердің бәрінде Польшамен соғысқа, Финляндиямен болған 105 күндік соғысқа қатысушылар мен қаза тапқандар енгізілмегенін айтады. «Қазақтардың саны толық анықталмауының себебі, статистикалық жинақтарда көбіне мәліметтер ұлттар бойынша емес, республикалар бойынша беріледі. Соғысқа қатысқандар саны туралы мәлімет те әртүрлі, кейде 1 196 мың немесе 1 366 мың қазақ жауынгері майданға шақырылды, олардың 610-630 мыңы соғыстан оралмады деген дерек жиі кездеседі. Бұл құрғақ санның әр жағында қанша адамның ауыр тағдыры тұр. Генерал Г.Кривошеевтің жетекшілігімен

“

1941 жылғы 1 маусымдағы дерек бойынша, Қазақстан халқының саны 6 447 800 адам болса, соның ішінде 21,2 пайызы мобилизацияланған. Ал Қорғаныс министрлігі соғыс жылдарында елімізден 1 196 164 адам майданға аттанды деген дерек ұсынады. Соның ішінде соғыстан елге оралғандардың саны 595 153 адам болса, 601 011 адам оралмаған, 270 мың адам хабар-ошарсыз кеткен. Бұл – ресми дерек

құрастырылған статистикалық жинақта 1941-45 жылдардағы алапат шайқастарда 125 500 қазақ қаза тапты, тұтқыннан 23 143 қазақ қайтып келді деген ақпарат берілген. Егер қаза тапқандар санына хабарсыз кеткендерді және фашистердің тұтқынында опат болғандарды қоссаңыз, ол бірнеше есеге көбеюі мүмкін» дейді ол.

**ТҮТҚЫНҒА
ТҮСКЕНДЕР «ХАЛЫҚ
ЖАУЫ», САТҚЫН БА?**

Фашистердің тұтқынына түскен жауынгерлердің қандай адам төзгісіз жағдайда өмір сүргенін кітаптан оқыдық, кинодан көрдік. Соғыс тұтқындары жөнінде 1907 жылы Гаагада, әскери тұтқындар жөнінде 1929 жылы Женевада халықаралық конвенция қабылданғаны мәлім. Алайда И.Сталиннің опасын саясаты салдарынан Кеңес билігі әскери тұтқындардың бәрін «Кеңес жаулары», «Отаннын сатқан», «Халық жауы» деп атап, өз жауынгерлеріне сатқындық жасады. Мұны пайдаланған нацистік Германия тұтқындарды зауыттар мен кеніштердегі ең ауыр, азапты жұмысқа жекті.

Кеңес тұтқындарының көпшілігі Аушвиц, Бухенвальд, Майданек, Равенсбрюк, Дахау, Нойенгамме, Фин лагерлері сияқты концентрациялық лагерлерде қынадай қырылды.

Мысалы, Освенцимдегі концлагерьдегі тұтқынның орташа өмір сүруі 3 ай болған. Олар үш айда терісі тартылған қозғалатын скелет кейпінде көрінген. 23 жастағы Алексей Кузнецов атты тұтқынды босатып алғанда салмағы 20 келіден ғана асыпты! Аушвицтегі крематорийде 1 айда 1 мыңға жуық тұтқынды атып немесе қынап өлтіріп, өртеп отырған. Бұл жердегі жауыздық туралы «Освенцим коменданты» деген өмірбаяндық кітабында лагердің бастығы СС-тің оберштурмбанфюрері Рудольф Гесс мынадай естелік қалдырды: «Ескі крематорийдегі 900 орыс солдатын газбен тұншықтырып өлтірген оқиға есімнен кетпейді. Тұтқындарды тыр жалаңаш шешіндіріп, моргке кіргіздік. Есігін тарс жауып, үлкен тесіктен газ жібердік. Біраз уақыттан кейін «газ» деп жанұшыра айқайлаған жандардың даусы естілді. Есікті ашқанда осында адамның тұншығып жан тапсырғанын өмірімде бірінші рет көрдім».

Соғыс тұтқындарына қатысты өткір мәселенің бірі – елге оралғаннан кейінгі тағдыры. Немістің концлагерлерінде бір азап шексе, одан кейін кеңестік лагерлерде өмірі тағы қорлықпен өтті. Жаппай қуғын-сүргіннің нағыз құрбаны болған жандар – осы тұтқындар. Бұл зобалаңды Гүлжауһар Көкебаева былай түсіндіреді: «1941 жылы 16 тамызда КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті тұтқынға түскен кеңес жауынгерлерінің отбасылары мен туыстарын қуғындау туралы бұйрық шығарды. Осылайша соғыс тұтқындары ұзақ жылдар бойы қоғамда «сатқындар», «опасыздар» деп саналды. Елге қайтқан соғыс тұтқындарын жинақтап, тексеру үшін арнаулы жинақтау-іріктеу пункттері құрылды. Осы жерлерге жинақталған соғыс тұтқындары тексеруден өткізіліп, біреулері НКВД қарамағындағы арнайы лагерлерге, екіншілері соғыста қираған аудандарды қалпына келтіруге жіберілді, үшіншілері туған жерлеріне қайтты. Арнайы лагерлерге жіберілгендердің басым бөлігі сотталып, ұзақ жылдарға айдауға кетті. Туған жеріне оралғандарға төлқұжаттың орнына арнайы куәлік берілді және басқа облыс, аудандарға шығуға тыйым салынды. Олардың ақ-қарасын айырып, арына түскен таңбадан арылтуға жол берілген жоқ, осылайша қаншама адамның Отанына сіңірген еңбегі ескерілмей қалды». Бұл қуғын аз болғандай, 1948 жылы 21 ақпанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Аса қауіпті мемлекеттік қылмыскерлерді жазасын өтеу үшін КСРО-ның қашық өңірлеріне жер аудару туралы» Жарлығы шықты. «Аса қауіпті мемлекеттік қылмыскерлер» қатарына бұрынғы әскери тұтқындар да кірді. Осылайша 1948-1949 жылдары соғыстан оралғандарға қарсы қуғынның екінші толқыны басталды. 1955 жылы 17 қыркүйекте КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы кезеңінде басқыншылармен ынтымақтасқан кеңес азаматтарына кешірім жасау туралы» Жарлығы шықты. Осы Жарлық бойынша бұрынғы соғыс тұтқындары кеңестік лагерлерден босап шықты. Алайда амнистия ақтау емес, демек бұл жарлық фашистік тұтқынға азап көріп, елге қайтқан соң тағы да «сатқын» атауымен лагерде отырған кеңес жауынгерлерін тағы да қорлау болып еді. «Басқыншылармен ынтымақтасқан» деген сипаттаманың өзі соғыс тұтқындарының барлық санатына тән емес екенін де ескеру керек» дейді тарихшы.

Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан елдердің барлығы дерлік 30 жыл бұрын соғыс және әскери тұтқындарын ақтау туралы мемлекеттік акті қабылдады. Бұл тақырыпты бүге-шігесіне дейін зерттеген белгілі заңгер, саясаткер Сабыр Қасымов Отан қорғау жолында ерлік көрсеткен ата-бабаларымызды ақтауды қаламай отырғанымызға қынжылады.

«Мысалы, Литва өз тәуелсіздігі үшін күрескендерді ақтауға қатысты 29 мемлекеттік құжат қабылдады. Шығыс Еуропа елдері, бұрынғы КСРО құрамында болған республикалар өткен ғасырдың 90-жылдары осындай ресми құжат қабылдап, ақиқатты қалыпына келтірді. Ресей Президенті Б.Ельцин 1995 жылы 24 қаңтарда «Ұлы Отан соғысы кезінде және соғыстан кейінгі кезеңде қуғын-сүргінге ұшыраған, бұрын әскери тұтқын және азаматтық тұлға болған Ресей азаматтарының заңды құқықтарын қалпына келтіру туралы» Жарлық шығарды. Осы құжат Ресей аумағында, негізінен алғанда, Кеңес қолбасшылығының кіносінен тұтқынға түскен жүздеген, мыңдаған құрбандарды ақтап, олардың ар-намысын қалпына келтіруге жол ашып берді» дейді заңгер. Ал қазақстандық соғыс тұтқындары әлі күнге дейін заң жүзінде ақталған жоқ.

**ІЗ-ТҮССІЗ
ЖОҒАЛҒАНДАРДЫҢ
ОБАЛЫ КІМГЕ?**

Жыл сайын 9 мамыр мен 31 мамырда айтылмайтын мәселенің тағы бірі – сұрапыл соғыста із-түссіз жоғалып кеткендердің тағдыры. Соғыстан оралмаған 601 011 адамның 270 мыңы хабар-ошарсыз кеткен дедік. Сол боздақтардың өмірі мен өлімінің ақиқаты қашан айтылады? Сол із-түссіз жоғалғандардың арасында өзімнің атам Тоғанбай Беғалыұлы да бар. Майданға Қарағанды облысынан аттанған атам туралы «қайтыс болды» деген қара қағаз да келмеген. Мұндай ошағының оты өшіп, жары мен балалары көз жасын төккен тағдырлар қаншама?! Бір ғана шайқаста із-түссіз жоғалғандар бар. Тұтқынға түсіп, жат жерде көз жұмғандар да аз емес. Азап лагерлерінен аман шығып, жат елде жаңа өмір бастағандар да бар. Олардың бірде-біреуі туған елінің назарынан тыс қалмауы тиіс. Артында қалған ұрпақтары тарихи әділеттілік пен ақиқаттың салтанат құратынына сенеді.

Жыл сайын жабулы қазан жабулы күйінде қалмай, соғыс тұтқындарының заңды құқықтарын қалпына келтіріп, «опасыз», «сатқын» деген айыптан арылтып, ел мен жерді қорғаған батырлар қатарына қосымыз керек. Ол үшін қазақстандық тұтқындардың тағдырын анықтау, біртұтас электрондық база құру мақсатымен Қазақстанның Президенттік архивінде жасалған тізімді толықтыруға күш салайық. Бұл тізімді толықтыру үшін қазақ ғалымдары Германия, Румыния, Польша, Дания, Финляндия, Норвегия, Швеция архивтеріне барып, бұрын құпия саналған құжаттарды ақтарса, көптеген мәліметтер жинақталары сөзсіз. Бір қуанарлығы, Женеңің 80 жылдығында кейбір облыстар тұтқындардың тағдырына тарихи тұрғыдан баға беру жұмысын бастады. Соның бірі – Ақмола облысы. «Ақмола. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында» атты жинақта 31 ақмолалық әскери тұтқынның, 30-ға жуық майданнан қайтпаған сарбаздың аты-жөні, өмірдеректері жарияланды. Осы жұмыс тоқтамауы керек. Ұлт тарихындағы ең қасіретті парактардың шындығы ұрпақ үшін айтылса, бейбіт өміріміз үшін оларға қызығары екенімізді біліп жүреміз. Ендеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтан соғыс тұтқындарын ақтайтын Жарлық шығарып, ақиқатты қалпына келтіруді ел-жұрт болып сұрайық!

ЖАРАЛЫ ЖЫЛДАР ЗАРДАБЫ

– XX ғасырда халқымыздың басына түскен қайғылы оқиғалар туралы еске алудың өзі оңай емес. Ресми мәліметтерге сүйенсек, 1921 жылдың күзіне қарай бүкіл ел бойынша 20 миллионнан астам адам аштыққа ұшырағаны белгілі. Аштықтың шығу себептері мен салдарына, онымен күрес барысындағы үкімет тарапынан жүргізілген іс-шараға терең талдау жасалды. Әңгімені осыдан бастасаңыз.

– Орталық мемлекеттік архивтің Әлеуетті зерттеулер орталығының бір топ ғылыми қызметкерлері директор, тарих ғылымдарының кандидаты С.Қ.Шілдебайдың басшылығымен «Қазақстандағы ашаршылық. 1921-1923» атты екі томдық құжаттар мен материалдар жинағын даярлады. Басылымда бұл зұлмат еліміздің тек 5 губерниясы мен 1 уезін ғана емес, кеңестік Ресейдің 30-дан астам губерниясын қамтығаны, осы нәубеттен әсіресе Ресейдің Самара және Саратов губерниялары, Поволжье, Оңтүстік Украина, Қырым, Башқұртстан, Приуралье және Батыс Сібір аймақтары қатты зардап шеккені, ашаршылық жайлаған 35 губернияны мекендеген 90 миллион халықтың 33 миллионы (ресми мәліметтерде 22 558 550 адам) аштықтың ауыр зардабын тартса, оның 5 миллионнан астамы алапат аштықтың құрбанына айналғаны жөнінде архив құжаттары негізінде кеңінен баяндалды.

Ал осы нәубет туралы құжаттар мен материалдар жинағында қарастырылған 1921-1922 жылдары Қазақстанда жайлаған ашаршылық тарихы отандық тарихнаманың осал тұстарының біріне жатады. Бүгінгі таңға дейін 1921-1922 жылдардағы ашаршылық пен оның салдарынан өрши түскен жұқпалы аурулар және індеттерден қайтыс болған адамдардың санын нақты анықтаған бірде-бір зерттеу жұмысы жоқ, бұл тақырып кешегі кеңес тарихнамасында да дұрыс қарастырылмаған. Зерттеушілер Азамат соғысынан кейін болған 1921-1922 жылдардағы ашаршылықтың басты себептері ретінде кеңес өкіметін орнату жолындағы күрес барысында



шаруашылықтың күйреуін, әскери коммунизм саясатын, ауа райының қолайсыздығынан болған қуаңшылықты, азамат соғысының қиыншылықтарын, билік тарапынан кеткен экономикалық қателіктердің салдары болғанын баса көрсетеді.

Қазақстандағы аса ауыр жағдайға қарамай, Орталықтағы большевиктік билік ашаршылыққа ұшыраған өзге де ұлттық республикалар мен губернияларға көмек көрсетуді Қазақ АКСР басшылығынан талап етті. Өз елінде ашаршылықтың дендеп, етек алып бара жатқанын көріп-біліп отырған ҚАКСР билігі шұғыл шешімді қажет ететін екі мәселенің де шешілу жолдарын қарастырды. Ресейге ішінара көмек жасағанымен, ел ішіндегі жағдайды реттеуді бірінші кезекке қойды.

1921 жылдың 15 наурызында өткен РК(б)ПХ съезінің салғыртты салықпен алмастыру жөніндегі қарарын негізге ала отырып, осы жылдың 11-18 маусымында болған облыстық І партконференция азық-түлік салғырттын салықпен алмастыруды бірауыздан мақұлдады. Осылайша, азық-түлік салғырттының салықпен алмастырылуы барысында барлық өнімдерге қатысты салық мөлшерін белгілеген құжаттар қабылданып, сол мөлшер бойынша шаруаларға салық төлету міндеттелді. Жеуге азық, малын асырауға шөп таба алмай қиналған қазақ шаруалары үкімет белгілеген салықты төлеуге шама-сы келмеді. Соның өзінде, тек

Жетісу облысынан 1 652 645 пұт астық, 293 040 пұт тары, 2 876 пұт кептірілген жеміс, 77 458 пұт тұқым, 520 864 мал басы жинап алынған. Осындай елдегі ауыр жағдайға қарамастан үкімет шаруаларды салықтан босатпады, керісінше төпелеп бірінің үстіне бірін салып, оларды салыққа әбден кіріптар қылып қойды.

Қазақстандық тарихнамада аштық мәселесінің себептері мен зардаптарын қарастырған М.Қозыбаевтың еңбектері жоғары бағаланады. Академик өзінің ғылыми тұжырымдары мен ұстанымдарын мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалары мен газет тілшілеріне берген сұхбаттарында ашып көрсетуге тырысқан. Оның есебінше, 1921-1922 жылдардағы аштық қазақтарды үлкен демографиялық апатқа ұшыратқан. 1922 жылдың наурызында Қазақстанның батыс және солтүстік аймақтарында 2 миллион 350 мың адам аштыққа ұшырап, олардың көбі өлген. Үкімет тарапынан көрсетілген көмек тек қала тұрғындарына ғана жеткізілгенін айта келіп, М.Қозыбаев ол тұста қалаларда қазақтардың екі пайызының ғана орныққанын, ал дені ауылдарда тұратынын жазады. М.Қозыбаев кейбір деректерде Орталық Қазақстанға төніп тұрған аштық апатын орталық басшылығы дер кезінде көріп, мән бермегендігін, тіпті Орталықтан келген азық-түлік жинаушы Ф.Держинскийдің отрядтары Түркістан республикасы, Ақмола, Семей губерния-

Қазақ халқы талай зұлмат замандар мен нәубеттерді, әсіресе кеңес өкіметінің тұсында бірнеше алапатты бастан өткерді. Соның бірі 1921-1923 жылдардағы ашаршылық еді. Қыста қардың, көктем мен жазда жауынның болмауы қатты құрғақшылықты, оның салдары аштық нәубетін әкелгені анық. Алапат аштықтың қасіреті, зұлмат жылдардың зардабы туралы Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің әлеуетті зерттеулер орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Қозыбаев атындағы СҚҰ-нің құрметті профессоры Зирабүбі Маймаққызы Төленованен сұхбаттасудың сәті түсті.

ларындағы еңбекшілердің қолындағы астықты артық деген желеумен күшпен алып келгендігі туралы.

Профессор Т.Омарбеков Қазақстандағы 1921-1922 жылдардағы ашаршылықтың шығуына себеп болған азамат соғысының кесірінен қазақ даласындағы шаруашылықтардың күйзеліске ұшырауы және табиғи апат, қолайсыз ауа райының салдарынан туған жұт әсері деген жалпы тұжырымдармен келіспейді. Тарихшының пікірінше, бұл ашаршылықтың шығуына ауа райының қолайсыздығы емес, азамат соғысының тұтануынан кейін болған шаруашылықтың күйзелуі, большевиктердің біржақты саясат жүргізуі себеп болған.

Қазақ жеріндегі XIX ғасыр мен XX ғасырдың 20-жылдарындағы жұт пен ашаршылық нәубеті туралы архивтің бұрын ғылыми айналымға енген беген құжаттары негізінде жазылған С.Смағұлованың «Ашаршылық қасіреті» атты монографиясы – іргелі және алғашқы зерттеулердің бірі. Зерттеуші сол кезеңдегі қазақ қоғамындағы саяси жағдайларға, 1921-1922 жылдардағы аштықтың шығу себептері мен салдарына, аштықпен күрес барысындағы үкімет тарапынан жүргізілген іс-шараларға терең талдау жасайды. Сондай-ақ аштықпен күрес кезіндегі және зұлматты ауыздықтаудағы қазақ зиялыларының жанкешті қызметіне, көмек қолын созған шетелдік

ұйымдардың жұмыстарына да жан-жақты тоқталады.

– **Зирабүбі Маймаққызы, 1921-1923 жылдардағы ашаршылықтың Қазақстанға тигізген зардабының қаншалықты қиын болғанынан хабардармыз, соның ішінде Ақмола өңірі бойынша аштыққа ұшырағандардың саны қанша?**

– Авторлар 1920 жылы және 1926 жылы жүргізілген халық санағының мәліметтеріне жүгіне отырып, 1920 жылдың 28 тамызына дейін жүргізілген демографиялық санақ бойынша Қазақстанда (сол кездегі ТАКСР құрамындағы жерлерді қоспағанда) барлығы – 4 781 263 адам (қалалар мен қала түріндегі поселкелерде – 402 751 адам; теміржол жолағына алынған жерлерде – 18 695 адам; ауылдық жерлерде 4 359 817 адам) болған.

1920 жылы қазанның соңына дейін жүргізілген ауылшаруашылық санағы бойынша ҚАКСР бойынша 4 369 650 адам ауылдық жерлерде есепке алынған. Жоғарыдан көріп отырғанымыздай, екі санақтағы айырмашылық 9 833 адамға тең. Сол сияқты, 1920 жылы екі санаққа да кірмей қалған, яғни санақ уақытында уақытша жоқ болған көшпелі халықтың саны 157 120 адамға тең болған.



Ақмола өңірі бойынша аштыққа ұшырағандардың саны авторлар 1920 жылы және 1926 жылы жүргізілген халық санағының мәліметтеріне жүгіне отырып, 1920 жылдың 28 тамызына дейін жүргізілген демографиялық санақ бойынша Қазақстанда (сол кездегі ТАКСР құрамындағы жерлерді қоспағанда) барлығы – 4 781 263 адам (қалалар мен қала түріндегі поселкелерде – 402 751 адам; теміржол жолағына алынған жерлерде – 18 695 адам; ауылдық жерлерде 4 359 817 адам) болған

Осы айырмашылықтардың барлығын қоса есептегенде, ҚАКСР Орталық статистикалық басқармасының мәліметі бойынша, 1920 жылдың күзінде ҚАКСР-де барлығы 4 938 383 адам есепке алынған. Әртүрлі себептермен есепке алынбай қалғандар мен ҚАКСР аумағындағы әскери бөлімдердегі (оның саны бізге белгісіз) адам санын қоса есептесек, 1920 жылдың күзінде ҚАКСР аумағында шамамен 5 миллионнан кем емес адам болды деген қорытынды жасаймыз.

1923 жылы ҚАКСР-дегі халық саны 3 786 910 адам болған. Бұдан 1920-1923 жылдар аралығында ҚАКСР-де халық санының 1 151 473 адамға кемігенін байқаймыз. Осы мәліметке қарасақ, шамамен алғанда азайған 1 151 мың халықтың қаншасының аштықтан, қаншасының жұқпалы аурулар мен індеттерден қайтыс болғанын, қаншасының көршілес республикаларға босып кеткенін терең зерттеп, нақтылау қажет деген қорытындыға келуге болады. ҚАКСР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Ашыққандарға көмектесетін төтенше комиссияның төрағасы С.Меңдешев қазақ даласында басталған ашаршылықты былайша сипаттаған: «1921 жылы мамырда егістік түрі қолайлы болды және астық түсімі орташа немесе орташа деңгейден төмен болмайды деп күтілді, бірақ шілдеде басталып ұзаққа созылған құрғақшылық, содан кейін көптеген жерлерде қара бұлттай қаптаған шегірткелер толқыны егінді толығымен жойды. Қырреспубликадағы аштықтың алғашқы сәті шаруаларды жаппай қоныс аударумен, мұқтаждыққа ұрынған аш босқындардың қалаларда шоғырлануымен қатар жүрді, олардың арасында ауру мен өлім етек алды. Көшеде қараусыз қалған көптеген кімсіз балалар пайда болды. Аштыққа байланысты, 1921 жылы 15 шілдеде қызметіне кіріскен ҚазОАК жанындағы АКОК құрылды. Орталық комиссия аштыққа қарсы күрес жөніндегі жоспарды дайындауды жоне халкоматтардың аппараттарын пайдалана отырып оларға тапсырмалар беру басшылығын ұйымдастыруды өз мойнына алды».

1921 жылы 25 қазанда ҚазОАК төралқасы АКТК құрамын кеңейтіп, оны Ашыққандарға көмектесетін орталық комиссияға айналдырды. Оның құрамына ашыққандарға көмектесуге ықпал жасай алатын барлық мемлекеттік билік органдарының өкілдері енгізілді. 1921 жылдың қарашасына қарай республика бойынша ашыққан адамдардың саны 1 558 927 адамға жетті.

Қазақ даласында басталған ашаршылықтың бірнеше себебі болды. 1921 жылдың көктемінен бастап ұзаққа созылған құрғақшылықтың салдарынан астық пен шөптің күйіп кетуі ең негізгі себептердің қатарына жатады. Ал Қазақ АКСР аумағын 1918-1920 жылдары қамтыған азамат соғысы, 1920 жылы астық пен шөптің шықпай қалуы, 1920 және 1921 жылдары малдың жұтқа ұшырауы республиканың ауыл шаруашылығын қиратып, ашаршылықтың алғышартына айналды. Сонымен бірге, кеңес өкіметі жүргізген әскери ком-



мунизм саясаты шаруалардың еңбекке деген ынтасын күрт төмендетіп, егістік көлемі мен мал басының жаппай кемуіне ықпал етті. Мысалы, 1917 жылы Қазақстандағы егістік көлемі 5 840 000 десятина болса, 1920 жылы 3 075 000 десятинаға, 1921 жылы 2 098 000 десятинаға тең келді. Демек, 1917 жылдан 1920 жылға дейін егіс алқабы 20%-ға, 1917 жылдан 1921 жылға дейін 47%-ға қысқарған. Сондай-ақ 1917 жылы 29 700 000 бас мал болса, 1920 жылы – 9 700 000 бас малға, 1921 жылы 6 200 000 бас малға дейін азайған. Яғни, 1917-1920 жылдар аралығында малдың азаюы – 67%, 1917-1921 жылдары 83% құраған. Егер аштыққа ұшыраған 5 губернияны жеке алып қарасақ, егіс алқабы 1917-1920 жылдары 24%-ға, 1920-1921 жылдары 33%-ға және 1917-1921 жылда-

рі аралықта ауырғандардан қайтыс болғандар көп. Ал 26 ақпаннан 26 наурызға дейін 4 975 адам ауырса, қайтыс болғандар саны 10 011 адамды құрады.

Осы жылдары ел ісіне белсене араласып, жергілікті халықтың ауыр халін өз көзімен көрген М.Әуезов «...аштықтан құтқару үшін дәл қазір шұғыл шара қолданылмаса, онда Қазақ республикасы қазақсыз қалады» дегенді бекер айтпаған болуы керек. «Қазақ тілі» газетіне ең бірінші болып, қазақ жерінде аштық басталғандығы жөнінде дабыл қаққан жазушы аштықтан құтылудың бірден-бір жолы егін салу екенін ескертеді.

Ашыққандарға көмектесетін орталық комиссия 1922 жылы 26 қыркүйекте таратылып, оның орнына Ашаршылық салдарымен күресетін

мақсаттары мен міндеттері айтылған.

– Қазақстанда қараусыз қалған аш-жалаңаш балалар өте көп болғанын, ата-анасы көз жұмып, жетім қалғандардың күн сайын 50-60-ын жергілікті өкімет органдары балалар үйлеріне орналастырғанын оқып-білдік. Жалпы, сол жылдарда халқымыз қанша пайызға азайды?

– Егер 1921 жылғы 1 желтоқсандағы деректер бойынша қараусыз қалған аш-жалаңаш балалар саны ҚазақАКСР-і бойынша 128 000 болса, осы жылдың соңында бұл көрсеткіш 158 000-ға жетті. 1922 жылы бұл мекемелердің көпшілігі үшін балаларға білім беру мен тәрбие мәселесінен гөрі, оларды тамақтандыру бірінші орында тұрды. Міне, осы статистикалық мәліметтерден-ақ ашаршылық жылдарынан кейінгі

МҰҚАНОВ МҰРАСЫ – ЗАМАНА АЙНАСЫ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде қазақтың әйгілі жазушысы Сәбит Мұқановтың 125 жылдығына орай әдеби-ғылыми семинар өтті.

Іс-шараға белгілі әдебиеттанушылар, жазушылар, әдебиет сүйер қауым мен магистранттар қатысты. Семинарды филология ғылымдарының докторы, профессор Рақымжан Тұрысбек жүргізіп, Сәбит Мұқановтың әдеби мұрасын зерттеу мен насихаттауға бағытталған жұмыстар жайында баяндап, жазушының 80 мыңнан астам өлең, 20-дан аса поэма және 40-қа жуық түрлі жанрдағы шығармалар жазғанын атап өтті.

Филология факультетінің деканы, ақын Серікзат Дүйсенғазы халық арасында Сәбит Мұқановтың тұлғасына қатысты түрлі пікірдің айтылып жүргеніне арнайы тоқталып, бұл мәселеге салқынқанды, парасат биігінен қарау қажеттігін атап өтті.

«Мұқанов мұрасы ХХ ғасырдағы қазақ руханиятының алтын арқауы, кеңестік кезеңдегі ұлт әдебиетінің күрделі де маңызды беттері екенін естен шығармауымыз керек. Сәбең туралы жұрт арасында «Алашқа қарсы болды» деген секілді салқын көзқарастар айтылып жүр. Алайда архив материалдарында бұған нақты дәлел жоқ. Керісінше, Сәбиттің Шәкәріммен, Мағжанмен жазысқан хаттары және басқа да Алаш қайраткерлерімен жақын ара-

ласқаны туралы деректер архивтерде сақтаулы. Мүмкін, ол белгілі бір кезеңде Алаш идеясын сынаған да шығар, бірақ бүгіннің таным-түсінігімен болжам жасап, оны түбегейлі қарсы болды деу – әділетсіз баға. Тұлғаны уақыт пен тарихи жағдайдың шындығынан бөліп алып қарау – тарих алдындағы қиянат. Сәбит Мұқановтың мұрасын бағалағанда оны тек белгілі бір саяси жүйенің өкілі ретінде емес, қазақ әдебиетінің даму жолына өлшеусіз еңбек сіңірген қайраткер ретінде зерделеу керек. Сәбит Мұқанов – қазақ әдебиеті, оның тарихы, прозасы мен поэзиясы, әдеби сын салаларында ұшан-теңіз еңбек қалдырған тұлға. Ол – қазақ әдебиеті тарихындағы ең көп жазған өнімді жазушылардың бірі, – деп түйіндеді Серікзат Дүйсенғазы.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов «Сәбит Мұқанов – қазақ әдебиеті тарихының зерттеушісі» тақырыбында баяндама жасап, Мұқановтың 1931 жылы Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Мәшһүр Жүсіптен хат алғанын, бұл хаттарда олардың Сәбит Мұқановтан өз еңбектерін кітап етіп шығаруға көмектесуге өтініш білдіргенін жеткізді.

Ғалымның айтуынша, Сәбит Мұқанов 1935 жылы «Сұлушаш» поэмасын француз тіліне аудартып, Мирзоянның қолдауымен шетелге таныла бастаған. Оның «Өмір мектебі» трилогиясы ХХ ғасыр тарихының шежіресі іспетті. Мәскеуде білім алған кезінен бастап Алаш қайраткерлерімен байланысы, Нығмет Нұрмақов пен Тұрар Рысқұлов секілді тұлғалармен жүздесуі шығармашылығының арқауына айналған. Сонымен қатар Сәбит Мұқанов 1962 жылы үш ай ішінде «Шоқан Уәлиханов» атты монографияны жазғанын, 1940 жылы моңғол-қазақ сөздігін құрастыруға қатысқанын, алайда бұл еңбек көпшілікке беймәлім күйде қалғанын атап өтті.

Семинар соңында магистрант Абзал Мақаш Сәбит Мұқановтың «Көңілім» атты лирикалық өлеңін оқып, кештің көркем түйінін жасады. Сонымен қатар жазушының шығармашылығына арналған кітап көрмесі қатысушылар назарына ұсынылды.

Адия КӨРІПЖАН,
Ақтілек МЕРЕКЕ,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің студенттері

ЖАУЫНГЕРЛЕР РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Астана қаласы Сарыарқа аудандық әкімдігінің қолдауымен Сарыарқа аудандық ардагерлер кеңесі «Astana polytechnic» жоғары колледжі студенттері арасында «Майдангерлерді ардақтайық» деген ұранмен шығарма жазу байқауын өткізді.

Байқауға қатысқан студент жастардың шығармалары мазмұнымен, Отанға, соғыс ардагерлеріне, тыл еңбеккерлерінің жанқиярлық ісіне деген сүйіспеншілікке толы болды.

Байқауда I орынды студент Дина Алиева иеленді. «Менің аталарым – Жеңіс ері» деп аталатын оның шығармасы нағашы атасының өмір жолын байандаудан басталады. Студент атасының бар болғаны 17 жасында майдан шебіне аттанғанын, тағы бір аталары – Бөтен, Қабанбай және Абулланьң майданда ерлікпен күрескенін өз сөзімен, терең сезімге беріле отырып, жап-жақсы суреттеген. Жұлделі орын алған Алина Асылбек өз шығармасын «Біздің үйде бір ескі сандық бар. Оның ішінде сарғайған фотолар, медальдар мен соғыс кезінен қалған құжаттар сақталған» деп бастап, «Бұл – майдан ізі, соғыстан қалған белгі. Әрбір құжат – бір адамның өмірі, ал әрбір медаль – ерліктің символы» деп ой қорытады.

Колледжде өткен іс-шара-



ны Сарыарқа аудандық ардагерлер кеңесінің төрайымы Уляш Құсаинова ашып, жүргізіп отырды. Тиісінше, жұлделі орын алғандарға Сарыарқа ауданы әкімі Ж.Шаукентаевтың атынан бағалы сыйлықтар мен диплом, алғыс хат тапсырылды. Жеңімпаздарға белгілі журналист, «Құрмет» орденінің иегері Ғалия Балтабай, ақынның өмірі, ал әрбір медаль – ерліктің символы» деп ой қорытады.

Серік Шайман өз кітаптарын сыйлады. Шығармашылық байқаудың жоғары деңгейде өтуіне колледждің кітапхана меңгерушісі Мария Исмағұлова, Сарыарқа аудандық Ардагерлер кеңесі төрайымының орынбасары Гүлнәр Беспалинова елеулі үлес қосты.

Серік ШАЙМАН,
күрметті журналист,
Сарыарқа аудандық
Ардагерлер кеңесі
баспасөзінің мүшесі

ры 55%-ға қысқарғанын, 1917 жылдан 1920 жылға дейін мал басының 60%-ға, 1920 жылдан 1921 жылға дейін 46%-ға және 1917 жылдан 1921 жылға дейін 78%-ға кемігенін көреміз. Бұл деректер ауыл шаруашылығындағы апатты жағдайды айқын көрсетіп тұр.

1922 жылдың қаңтарына дейінгі аймақтардың мәліметтері бойынша аштыққа ұшырағандардың жалпы саны 1 476 985 адам (ересектер – 927 593, балалар – 158 392), соның ішінде Ақмолада 92 000 ересек, 9 670 бала болды.

– Тарихтан білетініміздей, 1921 жылдың жазында басталған аштық қара күзде күшейіп, қысқа қарай күн өткен сайын ашыққан адамдардың қатары кебейе бастады. Бұл өз кезегінде онсыз да індет шарпыған Қазақ өлкесіндегі санитарлық-эпидемиялық жағдайды одан бетер қиындатып жіберді емес пе?

– Иә, аштық әлсіреткен адамдар жаппай босып, теміржолдардың бойына және қалалар мен поселкелерге ағыла бастады. «Жұт – жеті ағайынды» демекші, аштықтан иммунитеті төмендеген халық арасында жұқпалы аурулар мен індеттер өрши түсті. ҚАКСР АКОК-нің «Қыреспубликадағы ашыққандарға көмек жұмысы туралы» 1922 жылдың 30 сәуірінде жасалған қорытынды баяндамасында 1921 жылдың 20 қарашасы мен 1922 жылдың 26 наурызы аралығындағы ауырғандар мен қайтыс болғандардың статистикасы төмендегіше келтіреді: 1921 жылдың күзі мен 1922 жылдың басындағы ҚАКСР-дегі ауырғандар мен олардағы өлім-жітім деңгейі ашаршылық жайлаған 5 губерниядан келіп түскен мәліметтер негізінде жасалған. Атап айтсақ, 1921 жылғы 20 қарашадан 4 желтоқсанға дейін 810 адам ауырып, оның 290-ы қайтыс болса, 31 желтоқсанға дейін ауырған 4 221 адамның 1 719-ы көз жұмған. 1923 жылғы 1 қаңтардан 29 қаңтарға, 29 қаңтардан 26 ақпанға дейін-

1922 жылдың қаңтарына дейін губерниялар бойынша аштыққа ұшырағандардың жалпы саны төмендегідей:		
Губерниялар атауы	Ересектер	Балалар
Орынбор	138 339	209 671
Ақтөбе	171 389	124 000
Қостанай	217 365	96 935
Орал	123 600	103 500
Бөкей	100 000	-
Адай уезі	75 000	-
Семей	9 900	5 616
Ақмола	92 000	9 670
БАРЛЫҒЫ: 1 476 985	927 593	549 392

Орталық комиссия құрылды. Ол өз қызметін 1922 жылы 15 қазанда бастады. «ҚазОАК жанындағы ашаршылық салдарымен күрес жөніндегі орталық комиссия туралы ережеде» былай делінген: «1922 жылы 27 қыркүйекте БОАК жанындағы АшкөмОК-нің Пленумы

ҚАКСР-інің аса ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайын бағамдауға болады. Қазақстан Республикасында 1920 және 1923 жылдары жүргізілген халық санақтарының және Қазақстанда жерге орналастыру мөлшерін белгілеген экспедицияны басқарған профессор

“

Осы жылдары ел ісіне белсене араласып, жергілікті халықтың ауыр халін өз көзімен көрген М.Әуезов «...аштықтан құтқару үшін дәл қазір шұғыл шара қолданылмаса, онда Қазақ республикасы қазақсыз қалады» дегенді бекер айтпаған болуы керек. «Қазақ тілі» газетіне ең бірінші болып, қазақ жерінде аштық басталғандығы жөнінде дабыл қаққан жазушы аштықтан құтылудың бірден-бір жолы егін салу екенін ескертеді

бекіткен ашаршылық салдарымен күрес жөніндегі жергілікті комиссиялар туралы бекітілген ереженің негізінде қираған ауылдардағы мал шаруашылығын қалпына келтіруге жәрдемдесу және халықтың қамтамасыз етілмеген санаттарына, бірінші кезекте, ашаршылықтан зардап шеккен шеткері аймақтардағы балаларға көмек көрсету мақсатында БОАК жанындағы ашаршылық салдарымен күрес жөніндегі орталық Комиссия құрылады. Жаңадан құрылған ұйым туралы ережеде оның қызметінің

С.Щевцовтың мәліметтері бойынша 1921-1922 жылдардағы ашаршылықтан Қазақстандағы халық саны 30 пайызға дейін азайған.

Жалпы алғанда, қазақ халқының тарихындағы қайғылы кезеңді ғылыми тұрғыдан түсіну мен талдау өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға оң ықпал етіп, еліміздің қайғылы тарихынан сабақ алуға және болашақта осындай ауыр нәубеттердің орын алуына жол бермеу үшін қажет.

Сұхбаттасқан
Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ



ЖАУЖҮРЕК РЕДАКТОР АУДИТОРИЯСЫ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Қазақстанның халық жазушысы, қайраткер-қаламгер, қазақ журналистикасының патриархы Шерхан Мұртаза атындағы аудитория ашылды.

Индира БЕРЖАНОВА

Университеттің журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультетінде өткен іс-шараға Парламент Сенаты және Мәжіліс депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, журналистер, зиялы қауым өкілдері, оқу ордасының оқытушы-профессорлары мен студенттер қатысты.

Жиын басында сөз алған университет ректоры Ерлан Сыдықов құттықтау сөз сөйлеп, іс-шараның маңыздылығына тоқталды.

«Жас ұрпаққа тәлім берудің ерекше бағыты – тұлғатану арқылы тәрбиелеу. Көрнекті тұлғалардың есімі берілген аудиторияда мамандар шақырылып, дәрістер оқытылады. Осы арқылы дипломы бар маман даярлап қана қоймай, жан-жақты білім алып, елін сүйетін азаматтарды жетілдіру маңызды» деді Е.Бәтташұлы.

Көрнекті қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы және бас редактордың өмірі мен қызметі туралы мол мағлұмат беретін аудитория заманауи технологиялармен жабдықталды. Аудиторияның ашылуына

Жамбыл облысының әкімдігі тікелей қолдау білдірген.

«Шерхан Мұртаза – өмірлік жолымызда темірқазық, бағдар, шам ретінде бізге үлгі. Қайраткерлік, қаламгерлік, журналистік жағынан алсақ та, Шер ағаның өмірлік жолын жақсы білесіздер. Шер ағаның мына жерде жазған кітаптарын, мақалаларын, Парламентте сөйлеген сөздерін, өмір жолынан тағылым алып, Шер ағаша жазып, ой айтуға ұмтылатын қазақтың жас журналистерінің толқыны көптеп шыға берсін» деді өз сөзінде Сенат депутаты Нұртөре Жүсіп.

Академик Уәлихан Қалижан Шерхан Мұртазаның редакторлығы кезінде қазақ басылымының алтын дәуірі орнағанын айтып, газеттің оқылымды қылуына өлшеусіз үлес қосқанын сөз етті. «Қазақ газеттері» ЖШС директоры Дихан Қамзабекұлы «Егеменнің» шын мәнінде егемен болуына Шерхан Мұртаза мықты дәстүрдің негізін қалағанын баса айтты. Жиынға қатысқан өзге де зиялы қауым өкілдері естеліктерімен бөлісіп, Шерхан Мұртазаның қайталанбас тұлға, көрнекті жазушы, публицист, теңдесі жоқ шебер аудармашы екенін атап өтті.

БАЛА КҮННЕН ӘНГЕ ҚҰШТАР

Ән десе ішкен асын жерге қоятын қазақ халқының кең сахарасында күміс көмей, жез таңдай әншілер аз болмаған. Осындай қасиетті өнердің бүгінгі белді өкілдерінің бірі – дәстүрлі ән өнерінің үздік орындаушысы, сахна мәдениетін берік ұстанған Нұрай Танабаев.

Шапағат ӘБДІР

Ол – бүгінгі заманның сырбаз сал-серісі. Ол тек әншілігімен ғана емес, киім киісімен, сахнадағы жүріс-тұрысымен, дауыс мәнерімен де тыңдарманын бірден баурап алады. Оның бойынан табиғи талант пен терең таным, сырбаздық пен сыпайылық қатар көрініс табады. Ол – әнші ғана емес, нағыз өнер иесінің болмысына лайық тұлға.

Бала күнінен домбыраны серік еткен әнші Алматыдағы республикалық эстрада және цирк студиясында Қазақстанның халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Қайрат Байбосыновтың шәкірті болды. Қайрат Байбосыновтың мектебі – сал-серілік рухтың, саф өнердің сарқылмас қайнар бұлағы. Нұрай – осы бұлақтан мейлінше сусындап, өнерге адал қызмет етуді өмірлік мұратына айналдырған жан. Біз оны өнерге келу жолы туралы өзге тартқанымызда, әнші өз өнер жолы мен сахнаға деген ықыласы жайында ақтарыла әңгімеледі.

– Мен ән мен күй дарыған, жел тұрса құрайы да ән салатын Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Сәуле ауылында дүниеге келдім. 1974-1984 жылдары Қ.Нұржанов атындағы орта мектепте білім алдым. 1985 жылы Алматыдағы республикалық эстрада және цирк студиясына оқуға түсіп, Қазақстанның халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Қайрат Байбосыновтан дәріс алдым. Одан кейін әскери азаматтық борышымды өтедім. 2002-2006 жылдары Астана қаласындағы Ұлттық музыка академиясының театр және кино актері факультетін Халық қаһарманы,



КСРО халық әртісі Әзірбайжан Мәмбетовтің класынан тамамдадым.

1989-1991 жылдары Жезқазған қаласындағы С.Қожамқұлов атындағы музыкалық драма театрда әртіс болып еңбек еттім. 1991-2009 жылдар аралығында Астана қаласындағы Қ.Қуанышбаев атындағы музыкалық драма театрында актерлік қызмет атқардым. Ал 2009 жылдан бастап Астана қаласы мемлекеттік филармониясында әнші болып жұмыс істеп келемін. Бірақ бұл белеске бірден жеткенім жоқ. Менің өнер жолына келуіме себеп болған – бала күнгі әнге деген ерекше қызығушылығым. Себебі әкем де, шешем де ән-жырға жақын

жандар еді. Сол себепті мектеп қабырғасында жүрген кезімнен бастап домбыра тартып, ән айтуға құмар болдым.

Кейін Алматыдағы республикалық эстрада және цирк студиясына түсіп, Қайрат ағамыздың класында білім алдым. Ол кісіден тек ән өнерін үйреніп қана қоймай, өнерге деген терең көзқарас пен үлкен жауапкершілікті бойыма сіңірдім. Мен үшін сахна – киелі мекен, ал ән айту – халықпен сырласудың ең шынайы тәсілі. Сондықтан, ән арқылы ұлтымыздың болмысын танытуды өзіме парыз деп есептеймін. Осы ұстаныммен талай жылдар бойы адал еңбек етіп келе жатқанымды үлкен мақтанышпен айта аламын. Жалпы, менің пайымдауымша, өнерге жүрекпен келу керек. Даңқ пен атақ қуып емес, шын рухани мақсатпен келген адам ғана нағыз өнер иесі бола алады. Сондықтан менің өмірлік ұстанымым – өнерге адал болу, оның құндылығын арттыру және оны келер ұрпаққа жеткізу, – дейді Нұрай Ерлісұлы.

Әншінің өнерге деген адалдығы мен шынайылығы – көпке үлгі.

1992 жылы Әміре Қашаубаев атындағы III республикалық халық әндерін орындаушылар конкурсында II орын лауреаты атанса, 2000 жылы ҚР Мемлекеттік Жастар одағы сыйлығының лауреаты болды. 2011 жылы Астана қаласы мемлекеттік филармониясының «Үздік дәстүрлі әнші» грантын иеленсе, күні кеше ғана «Құрмет» орденімен марапатталды. Бұл марапаттар – оның өнері мен еңбегінің еленіп, көпшілік тарапынан жоғары бағаланғанының айғағы. Нұрай Танабай бүгін өз тыңдармандарына «Сезім серенадасы» атты жаңа концертін ұсынады. Өнеріне сәттілік тілейміз.



- ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

31/05 12:00

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН КӨНІЛДІ МҰЗ ҮСТІ ОЙЫНДАРЫ

«Тарлан» мұз арена

31/05, 01/06

«БӨПЕFAIR» ФЕСТИВАЛЬ

«Жетісу» паркі

01/06 10:00

«ТОЛАҒАЙ» АТТЫ КӨНІЛДІ СТАРТТАР

«Коллизей» баскетбол алаңы

01/06 10:00-14:00

«ӨНЕРЛІМІЗ БӘРІМІЗ, БАҚЫТТЫМЫЗ БӘРІМІЗ» КОНЦЕРТ ЖӘНЕ «БІЗ БАҚЫТТЫ БАЛДЫРҒАН» АТТЫ КӨРМЕ-КОНЦЕРТ

Қалалық алаң

01/06 12:00

«ҰЛТ АСПАПТАР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ» КОНЦЕРТ

Филармония залы

01/06 14:00-17:00

«ОТБАСЫ TIME» ОТБАСЫЛЫҚ ЖОБА

Қалалық алаң

01/06 11:00

II ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЛОУНДАР ФЕСТИВАЛІ

Нұржол жележолы

01/06 12:00, 16:30

«МЫСЫҚТАР ӘЛЕМІ» ЕРТЕГІ

Қуыршақ театры

01/06 17:00

«ХОРОШОУ» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК БАҒДАРЛАМА

Елорда циркі

01/06 15:00

«АСАН МЕН ҮСЕН» ЕРТЕГІСІ

Ә.Мәмбетов театры

01/06

EUROFEST 2025 БАҒДАРЛАМАСЫ

«Ғашықтар» паркі

01/06

«БАЛАЛЫҚТЫҢ БОЙТҰМАРЫ» КОНЦЕРТІ

Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы

01/06 11:00

«ЕРЕКШЕ МЕРЕКЕЛЕР» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ КОНЦЕРТІ

«Ailand» отбасылық демалыс орталығы

02/06

«ДИДАРЛЫ ЖАЗ 2025» АТТЫ ЖАЗҒЫ МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ СПОРТТЫҚ-ОЙЫН АЛАҒДАРЫНЫҢ АШЫЛУЫ ЖӘНЕ «САЗ ӘЛЕМІ» ЖАЗҒЫ МЕКТЕП ЛАГЕРІ АШЫЛАДЫ



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300 Тапсырыс № 63 Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ